**ЦИКЛОГРАММА**

***Бірінші апта (1-5 қараша 2021ж.)***

**ЖСШ «Аслан –Али» «Еркемай» балабақшасы «Көбелек» ересек тобы.**

**Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»**

**Тақырыпша «Өзім туралы»**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | «Ненің баласы?» балалардың үлкен,кіші ұғымдарын бекіту, Жабайы және үй жануарларды ажырату. | «Көлікті ата!» Көліктің атауын атау, жеңіл және жүк көліктерді ажырата білуге үйрету. | «Күн мен жаңбыр» балалар күн дегенде қолдарынжоғары көтеріп,алақандарын ашады, Жаңбыр жауды дегенде отырып, еденге саусақтарын тықылдатады. | Таңертеңгілік шеңбер «Арайлап таң атты, Қайырлы күн!» Ертеңгілік жаттығу. | «Балапандарды тамақтандыру» «Шөжелерім»әнін тыңдата отырып, кимылмен балапандарға жем шашуды үйрету. |
| **Таңертеңгі гимнастика (10-15 мин)** | **Жаттығулар кешені Текшемен орындалатын жаттығу.**<br>Бір сапқа тұрып,бір-бірінің артынан,аяқтың ұшымен жүгіру,адымдап жүру,өкшемен жүру.Бір қатармен жүріп келіп,3 қатарға тұру.<br>**ІІ-Негізгі бөлім**<br>1.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде,қолды алға,жоғары,жанына,төмен түсіру (5-6 рет)<br>2.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде қолдарын екі жанынан жоғары көтеріп,айқастырып,төмен түсіру. (5-6 рет)<br>3.Б.қ.к. аяқ алшақ,қол белде оң жаққа қозғалғанда оң қолды көтеру,сол жаққа қозғалғанда сол қолды көтеру,екі жаққа да (3- реттен)<br>4.Б.қ.к аяқ алшақ,қол алда қолды кезек-кезек айқастыру (5-6 рет)<br>5.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде қолды созып отырып тұру.(5-6 рет)<br>6.Б.қ.к аяқ бірге,қол кеудеде екі аяқтап секіру.(14-16 рет )<br>**ІІІ-Қорытынды**<br>3 қатардан 1-қатарға келу,жүру,жүгіру,тыныс алу жаттығуларын жасау.<br>(жел уілдейді у-у-у,маса ызыңдайды з-з-з,әтеш шақырады ку-ка-ре-ку.) | | | | |
| **Таңғы ас** | Алтын ақыл: Ас үстінде көп сөйлеп, көп күлмеу т.б<br>Тамақ ішер кезде енді.<br>Сөйле мейміз күлмей міз.<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз , білмейміз. | | | | |

Scanned by TapScanner

| Ойындар, Үйымдастырылған оқу қызметіне (ҮОҚ) дайындық | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Д/О: «Жыл мезгілдері»<br>**Мақсаты:**Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету | № 3.10 «Сипаттама бойынша тап»<br>**Мақсаты:** Ұзын қысқа, кең тар, биік аласа ұғымдарын бекіту. | №3.8 «Көкіністерді жасырып қой»<br>**Мақсаты:** Пішіндерді көкіністермен сәйкестендіруді үйрету | Ойын: «Секір-шапалақта»<br>Қара да, қайтала<br>**Мақсаты:** балаларды адамдардың түрлі қалыптағы бейнелері сызылған қағаздар (аяқтары бірге, оң қолы | «Көп және біреу»<br>**Мақсаты:** Көп және біреу қатынастарын білуге үйрету.<br>Заттардың тең,тең еместоптарын салыстыру. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **Денешынықтыру**<br>**Мақсаты:** Музыкалық сүйемелдеумен түрлі бағытта әртүрлі ырғақпен қозғалу: ырғақпен жүру, жеңіл жүгіру. Тепе – теңдікті сақтауға жаттығу, басына қапшық қойып жіпті бойлап жүру қабілетін нығайту және басты дұрыс ұстауға үйрету; Әдемі жүруге дағдыландыру, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Бір орында айналып секіруге үйрету, айналу үшін мүмкіндігінше жоғару секіру қабілетін жетілдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық жасауға баулу қозғалыстың қарқындығымен ой қиялын дамыту.<br>Сабақ барысы:<br>1.Аяқтың ұшымен жүру жүгіру.<br>2.Ж.Д.Ж<br>3.Негізгі жаттығу. . Бір орында айналып секіруге | **Денешынықтыру**<br>Қатар жатқан қос сызықтың ортасымен кең адымдап жүруге үйрету. Түрлі ырғақпен музыкаға сәйкес әртүрлі қозғалыстар жасау ырғаққа сай жүру қолдарын қозғалтып алға артқа жеңіл жүру. Допты бір – біріне домалатуға жаттығу, допты қос қолдап серпіп итеру қабілетін қалыптастыру: көзбен мөлшерлеу кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>**Сабақ барысы:**<br>1. Аяқтың ұшымен жүру жүгіру. 2.ЖДЖ<br>3. Негізгі жаттығулар .<br>Допты бір – біріне домалатуға жаттығу, допты қос қолдап серпіп итеру қабілетін қалыптастыру:<br>4.Қо № Тышқан аулаушы»<br>5.Қорытындылау эмоцияны білдіру<br>Д.О. № Поезд.<br>Тәрбиеші «Поезд» ойынын ойнауды ұсынады: «Мен паровоз боламын, ал | **Математика негіздері**<br>**Мақсаты:** 3 цифрымен таныстыру. Заттар санын цифрмен сәйкестендіру,тәулік бөліктері туралы білімін бекіту. Математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтер негізінде шешуге үйрету.<br>3 цифрын 3 санының таңбасы ретінде таныстыру.<br>Нүктелерді қосып,3 цифрын салуды үйрену.<br>Жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Сабақ барысы:**<br>1.Жұмбақ жасыру..<br>2. 3 цифрымен таныстыру. Заттар санын цифрмен сәйкестендіру.<br>3.Д.О.№ 3.17 «Күн мен түн» Балаларға күн дегенде олар қолдарын ашып,дөңгелек жасайды.түн дегенде олар ұйықтаған болады.<br>4.Сергіту сәті.<br>5.Қорытындылау<br>**Музыка** | **Денешынықтыру.**<br>**Мақсаты:** Самокат тебуді үйрету бір аяқпен жердің бетінен күшпен итерілу. « жыланша» жүріске және жүгіруге жаттықтыру, заттарды оңжатан және солжақтан айналып өту қабілетін жетілдіру . Қимылдарды саппен орындау қабілетін қалыптастыру.Қолды бастанжоғары көтеріп шапалақтап ырғақпен секіруге жаттықтыру (аяқтары бірге аяқтарының арасын ашып). Жалпақтабаның алдын алу-табандағы буындардың қозғалтқыштығын арттыру. Организмнің жалпы төзімділігінептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту.<br>**Сабақ барысы:**<br>1. Жүріс түрлері,жүру жүгіру.<br>2.ЖДЖ<br>3. Негізгі жаттығулар .<br>Жалпақтаб | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Мақсаты:** «Кішкентай бағбан» әңгімесінің мазмұнын түсіндіру.<br>Міндеттері:<br>а) Мәтіннің мән-мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету, балаларды сын есім мен зат есіммен тіркесіп жасалған айтылуына көңілдерін аудару.<br>ә) Тілдік қорын байыту; балалар әдебиетіне қызығушылықтарын дамыту.<br>б) Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Сабақ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері.<br>2.Балалармен әңгіме ұйымдастуру. Тілдік қорын байыту;<br>3. Әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру.<br>4.Сергіту сәті.<br>5 Қорытындылау.<br>**Сурет салу**<br>**Мақсаты:** Қоршаған ортаны бейнелеу кезінде эстетикалық талғамды дамыту. Түзу сызықтарды , кереге пішінін дұрыс сызу, терезелер тізбектерін көрсете отырып |

Scanned by TapScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| үйрету, айналу үшін мүмкіндігінше жоғару секіру қабілетін жетілдіру<br>4.Қорытынды<br>**Жаратылыстану**<br>**Мақсаты**: Балалардың үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту. Жанды нысанды сипаттай білу дағдысын зейіні мен есте сақтау, қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқор, мейірімді көзқарасын тәрбиелеу.<br>**Сабақ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері..<br>2. Үй құстары туралы түсініктерін анықтау және кеңейту 3.Сергіту сәті.<br>4.Қорытынды.<br>**Музыка**<br>**Мақсаты:** Табиғат туралы жалпы түсінік беру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге, оған деген саналы көзқарасты қалыптастырып, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылығын дамыту. Меңгерген дағдыларын бекіту.<br>**Сабақ барысы:**<br>1. Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылығын дамыту | сендер кішкентай вагонсыңдар». Балалар бірінің соңынан бірі алдында тұрғанның киімін ұстап колоннаға тұрады. Құрастыру. құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша бөлшектерді біріктіре білу және онымен ойнай отырып «Лего» конструкторлармен құрастыра білу дағдыларын қалыптастыру, көлік түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру<br>**Сабақ барысы**:<br>1.Шаттық шеңбер<br>2.Сұрақ жауап<br>3.«Лего» конструкторлармен құрастыра білу дағдыларын қалыптастыру, көлік түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру Д.О. № 3.21 «Тез жауап бер»<br>4.Сергіту сәті.<br>5.Қорытынды | **Мақсаты:** Табиғат туралы жалпы түсінік беру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге, оған деген саналы көзқарасты қалыптастырып, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылығын дамыту. Меңгерген дағдыларын бекіту<br>**Сабақ барысы:**<br>1. Табиғат туралы жалпы түсінік беру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту.<br>2.Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылығын дамыту<br>3.Қимылмен ән айту.<br>4.Қ.О№ 4.17 «Қояндар мен қасқыр» Балаларды шапшаңдыққа, зейінділікке,тапқырлыққа үйрету. | алу-табандағы буындардың қозғалғыштығын арттыру 4.Қ.О. № 1.9 «Тышқан аулаушы»<br>5.Қорытындылау<br>6.Қорытынды<br>**Мүсіндеу**<br>**Мақсаты:** Сюжеттік мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Құстың бөлшектерін дайындап,бөлшектерді бір-бірімен біріктіре алуды үйрету;құстар туралы білімдерін дамыту; саусақ икемділіктерін арттыру;сөйлеу тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру ; балаларды құстарға қамқорлық жасауға , мейірімділікке, еңбекке баулуға тәрбиелеу.<br>**Сабақтың барысы**.<br>1. Шаттық шеңбері.<br>2.Сұрақ жауап.<br>3 Құстың бөлшектерін дайындап,бөлшектерді бір-бірімен біріктіре алуды үйрету;құстар туралы білімдерін дамыту; саусақ икемділіктерін арттыру;сөйлеу тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру ;<br>Сергіту сәті | суретін бейнелеуді үйрету, бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Сурет салуға қызығушылығын арттыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Сабақ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбер<br>2.Жұмбақ жасыру<br>3.Балалармен шағын әңгіме жүргізу<br>4. терезелер тізбектерін көрсете отырып , үлкен және кішкентай үйдің суретін бейнелеуді үйрету.<br>5.Сергіту сәті.<br>6. Д.О.№ 4.15 «Қоян»Балаларды әннің сөздеріне байланысты қимыл қозғалыстар жасауға үйрету.<br>7.Қорытындылау. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2.Ән тыңдау<br>3.Қимылмен ән айту. | | | 4.Қорытынды<br>**Көркем әдебиет**<br>**Мақсаты:** «Мен атам тартқанмын» өлеңімен таныстыру.<br>Өлеңді тыңдату, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөлу.<br>Қазақтың мақал-мәтелдеріндегі ұлағатты сөздерді айтқызу.<br>Өлең шумақтарын айта отырып, ойлау қабілеттерін және тілдік қорларын дамыту.<br>Үлкенді сыйлауға тәрбиелу<br>**Сабақтың барысы:**<br>1.Сұрақ жауап<br>2.Мақал-мәтелдерді қайталау<br>3.Ата туралы тақпақ жаттау<br>4.Сергіту сәті<br>5.Қортынды | |
| **Серуен:** | **Серуен № 1**<br>**Бақылау:**Бұлтты бақылау.<br>**Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлинарды ажырату.<br>**Еңбек**:Ауладағы гүлдерді суару.<br>**Мақсаты:**Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне | **Серуен № 2**<br>**Ай мен жұлдыздар.**<br>Күзде ерте күн батады. Кешке қыдырған уақытта ай мен жұлдыздарды көруге болады.<br>**Мақсаты:** Ай әрқашанда көкте тұратынын түсіндіру. Ол түсте көрінбейді, кей кезде кешке де көрінбейді, бұлтпен жабылып тұратынын.<br>Балаларды ай мен жұлдыздың шығуын | **Серуен №3**<br>**Бақылау:**Құстардың қысқы тіршілігін бақылау.<br>**Мақсаты:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру.<br>**Еңбек**: «Біздің ойыншықтар». | **Серуен № 4**<br>**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.<br>**Еңбек**:Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>**Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. | **Серуен №5**<br>**Бақылау.**<br>Күздегі киімді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күздегі киім туралы әңгімелесу. Әр киімнің ерекшелігі неде екенін түсінік алу.<br>**Жұмбақ:**<br>Өздегінен бата алмас,<br>Адам өмірімен қатарлас.<br>Ол болмаса пендеңіз<br>Тіршілік өмір жасалмас<br>(Киім) |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуге тәрбелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып<br><br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>**Мақсаты:**Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын:** «Кімге қандай құрал керек?»<br>**Мақсаты:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу<br>**Қимылдық ойын:** «Соқыр теке».<br>**Ойын барысы:**<br>Соқыртеке кең бөлмеде аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі | бақылау. Жасанды спутник,(космонавтар), (шақтар жайлы. Айда тау барын, оны ғалымдар бақылап жатқандақтарын айтып өту.<br><br>2.Жаңа сөз: Ұшқыш, спутник.<br><br>3.Қимылды ойын: «Ай мен жұлдыздар»<br><br>4.Еңбекке баулу: Гүлдің шірігендерін жұлып алып тастау.<br><br>5. Жеке жұмыс: 2-3 балаға санамақ үйрету. | **Мақсаты:**Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** Тақпақ: «Құстар қайтып барады».<br>**Мақсаты:**Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.<br>Қазан толы<br>Дәулет қорын қалады.<br>Заңғар көкке жол сызып,<br>Құстар қайтып барады.<br>**Қимылдық ойын: «Жүзік салу»**<br>**Мақсаты:** Зейін қойып тыңдауға үйрету.<br>**Қимылдық ойын:** «Сымсыз телефон».<br>**Ойын барысы:** Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады. Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б | **Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ**<br>Қыстың жақын қалғанын,<br>Жапырақтар сезгендей.<br>Желмен ұшып барады,<br>Жерге қонып үлгермей<br>**Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.<br>**Ойын:** «Аю жүрген орманда»<br>**Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту<br>**Қимылдық ойын:** «Монданақ».<br>**Ойын барысы:**<br>Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады. | **2.Қимылды ойын:** «Доп мектебі»<br><br>**Мақсаты:** Допты жерге ұрып, алақанды шапалақтап, оны екі қолмен ұстап үйрету.<br><br>**3.Еңбекке баулу:** Ауланы сыпыру.<br><br>**4. Жеке жұмыс:** Кез келген балалармен жұмбақты жаттап алу. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті . | | | | |

үскі ас

Түскі

Scanned by TapScanner

Поп

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **...скі ас** | Ас мәзірімен таныстыру.Түзеу дұрыс отыруын кадағалау.Қасықты оң колға, нанды сол колға ұстауды үйрету.<br>Тамақ үстінде жан жағына карамай дұрыс және сөйлемей отыруғызуға үйрету | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйкыдан ояту, ауа, су шаралары** | **Қайық.**<br>Ішпен жату, колдар иектің астында.<br>Жартылай тұрып, еңкею, тербелу.<br>Жерде бұлак жүреді,<br>Қағаздан кайык жасайык.<br>Суға оны жіберіп,<br>Қайыкпен бірге жүзейік. | **Мысық.**<br>Терезенің касында,<br>Орындыкты тауып ап,<br>Мысык ұйықтап жатады,<br>Оян, кане мысығым,<br>Жаттығуды жасайык.<br>Бір бүйірден екінші бүйірге аунау. | **Оянайық бәріміз.**<br>Тәрбиешінің айтканын орындайды.<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл кимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алаканмен сипаңдар | **Әтеш ұйықтап жатыр.**<br>Аркасымен жату, кол басында, аяк бірге.<br>Аяк пен колды жоғары көтеру,<br>Әтеш оянды.<br>Әтеш бидай іздейді.<br>Отыру, аякты бірінің үстіне бірін кою.<br>1. Басты оңға бұру<br>2. Қалыпка келу<br>3. Басты солға бұру<br>4. Қалыпка келу<br>5. Сол жакқа кайталау. | **Қанша дыбыс естідіңдер?**<br>Жүргізуші бірнеше рет карындашпен үстелді соғады, Ал, балалар естіген дыбыстарын саусакпен көрсетеді.<br>1. Балалар төсекте, аркаға жатып, колын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, аркаға жатып колды екі жакка созу, жұдырыктарын жұму, колдарын алға созып айкастыру, демалу. |
| **Бесін ас** | Ұкыпты тамактану дағдыларын, ас құралдарын колдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұкият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды кадағалау. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет**<br><br>**Баланың жеке даму картасына сәйкегс жеке жұмыс** | Сюжетті-рольді ойын:<br>**«Хат тасушы»**<br>Максаты: Хат тасушы (пошташы) кызметі туралы түсінік беру, бұл мамандықтың қажеттілігін ұғындыру, үлкендердің еңбегін бағалауға баулу.<br>Керекті құралдар: Хат тасушы сөмкесі, хаттар, жеделхаттар, газеттер мен журналдар. | Сюжетті-рольді ойын:<br>**«Құрылысшы»**<br>Максаты: Балалардың құрылысшы мамандығы туралы білімдерін кеңейту, кызығушылықтарын ояту, ұжымда ойнай білуге дағдыландыру.<br>Керекті құралдар: каскалар, құрылыс саймандары, машинелер, құрылыска қажетті бөлшектер (текшелер т.с.с), сызба. | Сюжетті-рольді ойын:<br>**«Жүргізуші»**<br>Максаты: мамандыктар туралы білімдерін кеңейту, еңбекқорлыкқа тірбиелеу, жолда жүру ережелерін біліп сақтауға үйрету.<br>Керекті құралдар: роль, машине, жүргізуші, жолда жүру белгілері, бағдаршам, МАИ кызметкері, жаяу жүргіншілер. | Сюжетті-рольді ойын:<br>**«Тіс дәрігері»**<br>Максаты:<br>Медициналык терминдермен танысу, сөздік корларын молайту, стомотолог дәрігерлерінен корыкпауға үйрету.<br>Тістерін күту, оларды екі мезгіл тазалау шаралары туралы білімдерін кеңейту.<br>Керекті құралдар: жатын кушетка, | Сюжетті-рөлдік ойын<br>**«Өрт сөндіруші»**<br>Максаты: Балалаға ержүрек адамдардың кызметі туралы білім беру, батылдыкқа тәрбиелеу.<br>Керекті құралдар: өрт сөндіру мәшинесі, арнайы киім, каска, колғап т.б. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | маска, халат, бас киім, медбике, қолға киетін қолғап (перчаткалар), қысқыштар, пинцет, тісті емдеуге арналған құралдар. | |
| | -Сапта бір бірлеп жүру және жүгіру. -Бір орында тұрып,екі аяқпен секіру. Ясмин жұмыс | Орыс тіліндегі қарапайым сөздерді жаттату.Мақсаты: Мағынасын ашу. Дұрыс айта білуге баулу. | Суретке қарап әңгіме құрастыру.«Балабақша» Мақсаты: Сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелету. | Қайшымен жұмыс жасау Ахмад , Марям | Қылқаламмен жұмыс жасау Ясмин мен Жансерік жеке жұмыс |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | Серуен кезіндегі күндізгі іс-әрекетін қайталау,толықтыру.Өз еріктері бойынша ойын әрекеті | | | | |
| | **«Доп лақтыру» Ойын мақсаты:** Сонша, артық, кем ұғымдарын доп лақтыру дыбыс үні арқылы білдіреді. | **Менім зымыраған көңілді добым. Мақсаты:** Балаларды қимыл бағытын тез ауыстыра білуге , ойын мазмұнын тез ұғынып қабылдай білуге тәрбиелеу. | **«Моншақ» Мақсаты:**балалар қимыл әдісті меңгеруге,формасын, түр-түсін ажырата білуге ,тез қимылдауға баулу | **«Қазық қақ» Мақсаты:** Балалардың ойынға қызығушылығын дамыту, көңіл-күйін көтеру. | **«Кішкентай және үлкен аяқтар'» Мақсаты:** Балаларды ойын сөзін ұғып тез қимылдауға үйрету, қимыл бағытын тез орындауға, тәрбиешінің ұсынысын қабылдай білуге дағыландыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата – аналарға кеңес: «Балалардың жеке бөлмесі» | Ата–аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата – аналарға кеңес:«Бала дамуына қандай ойыншықтар пайдаланған жөн» | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу |

Scanned by TapScanner

# ЦИКЛОГРАММА

*Екінші апта (8-12 қараша 2021 ж.)*

**ЖСШ «Аслан –Али» «Еркемай» балабақшасы «Көбелек» ересек тобы.**

**Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»**

**Тақырыпша «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | «Балапандарды тамактандыру» «Шөжелерім»әнін тыңдата отырып, кимылмен балапандарға жем шашуды үйрету. | «Күн мен жаңбыр» балалар күн дегенде қолдарынжоғары көтеріп,алақандарын ашады, Жаңбыр жауды дегенде отырып, еденге саусақтарын тықылдатады | «Көлікті ата!» Көліктің атауын атау, жеңіл және жүк көліктерді ажырата білуге үйрету. | «Ненің баласы?» балалардың үлкен,кіші ұғымдарын бекіту, Жабайы және үй жануарларды ажырату | Таңертеңгілік шеңбер «Арайлап таң атты, Қайырлы күн!» Ертеңгілік жаттығу. |
| **Таңертеңгі гимнастика (10-15 мин)** | **I-Кіріспе**<br>Бір сапка тұрып,бір-бірінің артынан жүру,аяқтың ұшымен жүгіру,адымдап жүру,өкшемен жүру.бір қатармен жүріп келіп 3 қатарға тұру.<br>**II-Негізгі бөлім**<br>*1.Б.қ.к аяқ алшақ,қол белде*<br>1.басты оңға козғалту 2.б.қ.келу, 3.солға қозғалту 4.б.қ.келу( 5-6 рет)<br>*2.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде*<br>1.қолды алдыға созу 2 жоғарыға көтеру. 3.жанына түсіру 4.б.қ.келу (5-6 рет)<br>*3.Б.қ.к аяқ алшақ,қол белде.*<br>1.алға қарай еңкею 2.тұру. 3.б.қ.келу (5-6 рет)<br>*4.Б.қ.к аяқ бірге,қол төменде*<br>1.қолды алға созу. 2 айқастыру( қайшы сияқты ) 3.б.қ.келу (5-6 рет)<br>**III-Қорытынды**<br>3 қатардан 1-қатарға келу,жүру,жүгіру,тыныс алу жаттығуларын жасау.<br>(Балтамен отын жару ух-ух-ух шәйнек қайнайды) | | | | |
| **Таңғы ас** | Алтын ақыл: Ас үстінде көп сөйлеп, көп күлмеу т.б<br>Тамақ ішер кезде енді.<br>Сөйле мейміз күлмей міз.<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз , білмейміз. | | | | |

Scanned by TapScanner

| Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Көп және біреу»<br>**Мақсаты:** Көп және біреу қатынастарын білуге үйрету.<br>Заттардың тең,тең еместоптарын салыстыру. | Ойын: «Секір-шапалақта»<br>Қара да, қайтала<br>**Мақсаты:** балаларды адамдардың түрлі қалыптағы бейнелері сызылған қағаздар (аяқтары бірге, оң қолы | №3.8 «Көкіністерді жасырып қой»<br>**Мақсаты:** Пішіндерді көкіністермен сәйкестендіруді үйрету | № 3.10 «Сипаттама бойынша тап»<br>**Мақсаты:** Ұзын қысқа, кең тар, биік аласа ұғымдарын бекіту. | «Д/О: «Жыл мезгілдері»<br>**Мақсаты:**Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **Денешынықтыру**<br>**Мақсаты:** Допты екпінмен итеріп доптың қозғалыс бағытын сақтауға үйретуді жалғастыру. Секірген кезде аяқтың қалпың кезекпен ауыстыру қабілетін жетілдіруді жалғастыру.<br>Кішірейтілген аланмен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтауға үйрету жүрген кезде басты дұрыс ұстай білу қабілетін дамыту. Дене сымбаты бұзылуының алдын алу Педагогтің түсіндіруін мұқият тыңдау қабілетін қалыптастыру оның көрсеткендерін мұқият есте сақтауға үйрету. Дені сау келбетті әдемі болуға деген құштарлығын ояту<br>**Сабақ барысы:**<br>1. Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып жүгіру<br>2.ЖДЖ | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Допты алға жоғары көтеріп оны қос қолдап қағып алуға үйрету. Тізені аздап бүгу бүгіп сәл ғана биік секіру жаттығуларын ырғақпен орындау қабілетін нығайту Басына тепе – теңдік сақтау қабілетін дамыту әдемі жүріске дағдыландыру. Педагогтің түсіндіргендерін мұқият тыңдау қабілетін қалыптастыру. Оның көрсеткендерін мұқият есте сақтауға үйрету. Қимыл қозғалыстарды балалармен бірге орындау.<br>**Сабақ барысы:**<br>1. Баяу қарқында жүру және жүгіру.<br>2.ЖДЖ<br>3. Негізгі жаттығулар .<br>- Допты алға жоғары көтеріп оны қос қолдап қағып алуға үйрету<br>- Басына тепе – теңдік сақтау<br>4.Қ/О №1.4 «Ұшақтар» | **Қарапайым Математиқалық Ұғымдарды Қалыптастыру.**<br>**Мақсаты:** 1,2,3, цифрлары туралы білімдерін бекіту, зейіндерін дамыту.<br>Міндеттері: 3 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау, 1,2,3, цифрларын жазу дағдыларын нығайту. Таныс заттарды биіктігіне қарай ( биік аласа) салыстырып, оларды сол белгілері бойынша біріктіру қабілетін ұштау. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.<br>**Сабақ барысы:**<br>1.Жұмбақ жасыру..<br>2 3 цифрымен таныстыру. Заттар санын цифрмен сәйкестендіру.<br>3.Д.О.№ 3.17 «Күн мен түн» Балаларға күн | **Денешынықтыру.**<br>**Мақсаты**: Футбол добын еркін бағытта алып жүруге үйрету Қос аяқтап алға секіру екі аяқтап бір уақытта екпінмен секіру және тізесін сәл бүгіп аяқтың ұшымен жерге түсу қабілетін жетілдіру. Заттардың жанымен айналып өту қабілетін нығайту<br>**Сабақ барысы:**<br>1. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен кезектестіру<br>2.ЖДЖ<br>3. Негізгі жаттығулар - Футбол добын еркін бағытта алып жүру<br>- Қос аяқтап алға секіру екі аяқтап бір уақытта екпінмен секіру<br>4.Қ.О. № 1.9 «Тышқан аулаушы»<br>5.Қорытындылау<br>6.Қорытынды | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Мақсаты:** Қонақта өздерін қалай ұстау керектігінтүсіндіру.<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды шағын тақпақтарды жатқа оқуға, кейіпкерлер бейнесін сомдауға көркем оқу әдіс-тәсілдерін қолдануға, дауыс ырғағына, дыбыстау көркемдігіне көңіл аударуға үйрету.<br>ә) Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту; өз ойын ауызша жеткізу біліктерін жетілдіру.<br>б) Ізеттілікке тәрбиелеу.<br>**Сабақ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері.<br>2.Балалармен әңгіме ұйымдастуру.<br>3. Дұрыс тамақтану, дәрумендер туралы ұғымдарын қалыптастыру<br>4.Сергіту сәті.<br>5 Қорытындылау.<br>**Сурет салу**<br>**Мақсаты:** Балаларға мазмұнды сурет салуды үйретуді |

Scanned by TapScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. Негізгі жаттығулар .<br>- Допты екпінмен итеріп доптың қозғалыс бағытын сақтауға<br>- Екі сызықтың арасымен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>4.Қ/О №1.11 «Аттар»<br>5.Қорытындылау<br>**Жаратылыстану**<br>**Мақсаты:** Үй жануарлары және Қазақстан аумағында мекендейтін жабайы жануарлар туралы, үй жануарларына күтім көрсету ерекшеліктері, жабайы жануарлардың қозғалыс тәсілдері,Ой белсенділігін бақылау, талдау жасаудағдыларын дамыту,тіршілік иелеріне ізгі қарым қатынасты тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>**1.**Жұмбақтар жасыру үй жануарлары туралы<br>2.Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырата білу<br>**3.**сергіту сәті<br>4.Қортынды<br>**Музыка**<br>**Мақсаты:** Нанның адам үшін маңыздылығын түсіндіру. Нанның бидайдан жасалатыны туралы түсінік беріп, нанды құрметтеуге тәрбиелеу.Музыкаға | 5.Қорытындылау<br><br>**Жапсыру**<br>**Мақсаты:**Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білу дағдыларын жетілдіру. Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеу.<br>**Сабақ барысы:**<br>1. Балалармен әңгіме жүргізу.<br><br>2. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды іскерлігін дамыту.<br>3.Саусақ жаттығуы<br>4.Қорытындылау. | дегенде олар қолдарын ашып,дөңгелек жасайды.түн дегенде олар ұйықтаған болады.<br>4.Сергіту сәті.<br>5.Қорытындылау<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Мақсаты:** Үй жануарлары мен жабайы жануарлар және олардың төлдері, тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту.<br>**Міндеттері:**<br>- үй жануарлары мен жабайы жануарларды (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы, қысқа дайындығы) ажыратып айтып беруге үйрету;<br>- жануарлармен қарым-қатынаста қауіпсіздік ережелерін сақтай білу дағдыларын дамыту;<br>- қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу<br>**Барысы:**<br>1.Жұмбақтар<br>2.Үй, жабайы жануарлар туралы видео<br>3. Д.О: «Қайсысы дұрыс?»<br>4.Қортынды<br><br>**Музыка**<br>**Мақсаты:** Нанның адам үшін маңыздылығын түсіндіру. Нанның | **Русский язык**<br>**Мақсаты:** Учить составлять предложения из 2-3 знакомых слов. Закрепить навыки правильного использования русских слов и выражений при ответе на вопросы.<br>**Сабақ барысы:**<br>1.Балалармен шағын әңгіме жүргізу.<br>2. сұрақ жауап.<br>3.Сергіту сәті.<br>4.Қорытынды<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Мақсаты:** Бір қазан сүт ертегісін сахналау. Ертегі кейіпкерлердің ерекшеліктерін ажырата білуге,көркем сөйлеуге үйрету.сахналау барысында кейіпкердің бейнесіне еніп, олардың мінез құлқынкелтіру.ертегіні есте сақтауға, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>1.Жұмбақ жасыру<br>2. Бір қазан сүт ертегісін тыңдау,еске түсіру.<br>4.Сергіту Сәті<br>5. Бір қазан сүт ертегісін сахналау<br>6.Қортынды | жалғастыру, балалардың күзгі табиғаттан өздері бақылағандарын суретке бейнелеп көрсете білу дағдыларын қалыптастыру, суретке мазмұн бере білуге және жіңішке қылқаламмен бүтін және жартылай сопақшадан тұратын бейне салуға, жағу, басу арқылы жалпақ, жуан із қалдыруға , көлденеңінен жағыс әдісін пайдалануға үйрету.<br><br>**Сабақ барысы:**<br>1.Шаттық шеңбер<br>2.Жұмбақ жасыру<br>3.Балалармен шағын әңгіме жүргізу<br>4. жіңішке қылқаламмен бүтін және жартылай сопақшадан тұратын бейне салуға, жағу, басу арқылы жалпақ, жуан із қалдыруға , көлденеңінен жағыс әдісін пайдалануға үйрету<br>5.Сергіту сәті.<br>6. Д.О.№ 4.15 «Қоян»Балаларды әннің сөздеріне байланысты қимыл қозғалыстар жасауға үйрету.<br>7.Қорытындылау. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту.<br>**Барысы:**<br>1.Ән тыңдау:«Ақ бидай»<br>2. Дауыс жаттығуы:«Баспалдақ»<br>3. Ән салу:«Бауырсақ» Ә.Бейсеуов.<br>4. Би:«Жұптасу биі»<br>5. Муз ырғақты қимыл: «Бәліш пісірейік» | | бидайдан жасалатыны туралы түсінік беріп, нанды құрметтеуге тәрбиелеу.Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту.<br>**Барысы:**<br>1.Ән тыңдау:«Ақ бидай»<br>2. Дауыс жаттығуы:«Баспалдақ»<br>3. Ән салу:«Бауырсақ» Ә.Бейсеуов.<br>4. Би:«Жұптасу биі»<br>5. Муз ырғақты қимыл: «Бәліш пісірейік» | | |
| **Серуен:** | **Серуен №1**<br>**Бақылау:**Құстардың қысқы тіршілігін бақылау.<br>**Мақсаты:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру**.**<br>**Еңбек**: «Біздің ойыншықтар».<br>**Мақсаты:**Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** Тақпақ: «Құстар қайтып | **Серуен № 2**<br>**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.<br>**Еңбек**:Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>**Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.<br>***Жеке жұмыс:* «Күзгі жапырақ» тақпақ**<br>Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей<br>**Мақсаты:** Балалардың | **Серуен №3**<br>**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.<br>**Еңбек**:Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>**Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.<br>***Жеке жұмыс:* «Күзгі жапырақ» тақпақ**<br>Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей | **Серуен № 4**<br>**Бақылау:**Бұлтты бақылау.<br>**Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлиардығы ажырату**.**<br>**Еңбек**:Ауладағы гүлдерді суару.<br>**Мақсаты:**Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>***Жеке жұмыс:*** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) | **Серуен № 5**<br>**Бақылау:**Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау.<br>**Мақсаты:**Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.<br>**Еңбек**:Құстарға жем сауыт жасау.<br>**Мақсаты:** Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.<br>***Жеке жұмыс:*** Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар.<br>**Мақсаты:**Балалардың сөздік |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | барады».<br>**Мақсаты:**Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.<br>Қазан толы<br>Дәулет қорын қалады.<br>Заңғар көкке жол сызып,<br>Құстар қайтып барады.<br>**Қимылдық ойын: «Жүзік салу»**<br>**Мақсаты:** Зейін қойып тыңдауға үйрету.<br>**Қимылдық ойын:** «Сымсыз телефон».<br>**Ойын барысы:** Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды.Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп | тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.<br>**Ойын:** «Аю жүрген орманда».<br>**Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту<br>**Қимылдық ойын:** «Монданақ».<br>**Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1.Орта доп<br>2.Өткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ<br>**Тренинг:** «Бір шаңырақ астында». | **Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.<br>**Ойын:** «Аю жүрген орманда».<br>**Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту<br>**Қимылдық ойын:** «Монданақ».<br>**Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1.Орта доп<br>2.Өткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ<br>**Тренинг:** «Бір шаңырақ астында». | **Мақсаты:**Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын:** «Кімге қандай құрал керек?»<br>**Мақсаты:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>**Қимылдық ойын:** «Соқыр теке».<br>**Ойын барысы:** Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» | қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Күзде не киеміз?»<br>**Мақсаты:**Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру.<br>**Қимылдық ойын:** «Аттамақ».<br>Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.<br>**Ойын барысы:** Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Брішісі-төмен ,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісіінен тағы да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді.<br>1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.<br>2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.<br>**Тренинг:** «Тырналар болып ұшайық». |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өзгерткен адам айып өтейді.Айып түрлері: Өн салу, би билеу т.б<br>**Дербес ойындар:**<br>1.Тығылыспақ<br>2. Өткеншек тебу.<br>**Тренинг:** «Құс болып ұшайық». | | | болады.Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға карай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.<br>**Дербес ойындар:**<br>1.Өткіншектебу.<br>2. Тартылғышқа тартылу.<br>**Тренинг:** «Біз тату баламыз». | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті . | | | | |
| **Түскі ас** | Ас мәзірімен таныстыру.Түзеу дұрыс отыруын қадағалау.Қасықты оң қолға, нанды сол қолға ұстауды үйрету.<br>Тамақ үстінде жан жағына қарамай дұрыс және сөйлемей отыруғызуға үйрету. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпы жетілдіру жаттығуы:<br>*1* . Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады.<br>*2* . Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.<br>*3.* Балалар төсекте жатып, велосипед тебу.<br>*4.*Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу.<br>**5.** Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу.<br>Тәрбиеші: Балалар қәне | Балалар ұйқыдан оянады. Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық.<br>Ояну жаттығу. Қайырлы күн, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды)<br>Қайырлы күн, құлақтарым!(құлақтарын сипау) Қайырлы күн, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы күн, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы күн, | 1. Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып оң қолымызды сол аяғымызды жоғары көтеріп, түсіреміз. Қол аяғымызды ауыстырып қайталаймыз( 3- 4 рет)<br>Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру ( 2- 4 рет)<br>2. Белсенді нүктелерге массаж жасау. Тымау ауруларын алдын алу. «Ауырма» (Нүктелі массаж) - Тамақ қатты ауырмасын, жөтелмейік, | *1.* Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Мысықтар Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқы сұрап мияулап жатыр көздерін жұмып мяу мяу мяу. Көзімізді ашып арқаға жатып тырнағымен тырналанып жатыр. Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу. Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз<br>*2* Майтабанның алдын алу | Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - Балалар төсекте, арқаға жатып |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңбер құрайық. Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру массаждары:<br>*1*. «Балапандар серуенге шықты» шиқ - шиқ - шиқ.<br>**2.** Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>**3.** Ілгекті жолмен жүру. | аяқтарымыз! (аяқтарын сипау)<br>«Денсаулық» жолымен жүру. Әдемі ирек жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табаңға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. | түшкірмейік. Батылырақ укала мұрын тұсын, маңдайды да укалауға ерінбейік Алақанды маңдайға, Саусақтарды айырлап, Қ Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға ұлақтарды укала сондайда. Суықтан біз қорықпаймыз, Ия, ия, ия. Суықтан біз қорықпаймыз, Қорықпаймыз, ауырмаймыз. Массажды балалар өз бетімен орындайды. | ( 2 минут) Мысық сияқты аяқтын ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру. Орындықта отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстыры табандағы нүктелерге массаж жасау, ( 3- 4 рет)<br>*3*. Демалу жаттығулары Мяууу мяууу мяуууу Фррр фрррр фрррр<br>*4*. Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз | шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд.<br>- Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу. |
| **Бесін ас** | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет**<br><br>**Баланың жеке даму картасына сәйкеғс жеке жұмыс** | **«Отбасы»**<br>Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің көмегімен отбасы өмірі туралы сюжеттік ойындарға қатыстыру, отбасы мүшелерін білу, олардың атқаратын қызметтері туралы білімдерін кеңейту.<br>Керекті құралдар: Қуыршақтар, түрлі киімдер, ойыншықтар, заттар, жиһаздар, электр құралдары т.с.с | **«Дәрігер» (педиатр)**<br>Мақсаты: Балалардың дәрігер мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, балалар дәрігері (педиатр), жедел жәрдем дәрігері, окулист, тіс дәрігері т.б түрлерімен таныстыру. Топта ойынды ұйымдастыру барысында достық қарым-қатынасты нығайту.<br>Керекті құралдар: медбике, дәрігер, халаттар, бас киім, рецепт, термометр, | **«Көз дәрігері»**<br>Мақсаты: Окулист мамандығымен таныстыру, рөлдерге өз қалауымен бөлінуге үйрету, үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету. Көздердің атқаратын қызметі туралы білімдерін кеңейту.<br>Керекті құралдар: бас киім, халат, әріптер кестесі, көз жапқыш, мақта, бинт, көзге тамызатын дәрі, көзілдірік. | **«Жедел жәрдем»**<br>Мақсаты: «жедел жәрдем» ойынын басқа ойындармен байланыстыра ойнауға үйрету, адам өмірін сақтауға арналған мамандықтар туралы білу. Ақ халатты абзал жандардың еңбегін құрметтеуге үйрету.<br>Керекті құралдар: жедел жәрдем көлігі, қағаздар, халат, бас киім, дәрілер салынған [illegible] | **«Хат тасушы»**<br>Мақсаты: Хат тасушы (пошташы) қызметі туралы түсінік беру, бұл мамандықтың қажеттілігін ұғындыру, үлкендердің еңбегін бағалауға баулу.<br>Керекті құралдар: Хат тасушы сөмкесі, хаттар, жеделхаттар, газеттер мен журналдар. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жолдама, фонендоскоп, шпатель, ойыншықтар, дәрумендер, дәрілер, жататын кушетка. | | | |
| | «Үй жануары, жабайы жануарларын ажырау» (Ерасыл, Ясмин) | Орыс тіліндегі қарапайым сөздерді жаттату.Мақсаты: Мағынасын ашу. Дұрыс айта білуге баулу. (Әділер, Сабина) | Суретке қарап әңгіме құрастыру. «Күшігім» Мақсаты: Сүйікті жануары туралы әңгімелесу. (Мадияр, Ершат) | «Ненің баласы» балалардың үлкен кіші ұғымдарын бекіту,жабайы және үй жануарлары туралы білімін кеңейту. (Нұржігіт, Марьям) | Сандарды ретімен дұрыс санай білу дағдыларын қалыптастыру (1-3) (Муслим, Сафия) |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | **К/о**: «Күн мен жаңбыр» **Мақсаты:** Балаларды жеңіл , бір-бірімен соқтығыспай жүруге , өрмелей білуге , жылдам барып өз орнын таба білуге машықтандыру | **К/о:** «Бұл кім?» **Мақсаты:**Балалардың сөйлеу мәнерін дамыту,аты-жөнін дұрыс айта білуге машықтандыру | **К/ о:** «Шешуін тап» **Мақсаты:**Түстер туралы ұғымды бекіту,баланың тапқырлығын,ақыл-ойын дамыту,айыра білуге үйрету. | **К/о:** «Қонжықты қуантайық!» **Мақсаты:** Балаларды мейірімділікке ,бауырмашылдыққа ,кішіпейілдікке тәрбиелеу | **К/о:** «Тақия тастамақ» **Мақсаты:** балалардың қимыл –іс әрекетін дамыту, мәнерлі де , мәнді жасауға үйрету. |
| | Серуен кезіндегі күндізгі іс-әрекетін қайталау,толықтыру.Өз еріктері бойынша ойын әрекеті | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата – аналарға кеңес:«Бала дамуына қандай ойыншықтар пайдаланған жөн» | Ата–аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу. | Ата аналарға жаттығу киімдерін беріп жіберу | Ата анларға кеңес: Балалар жақсы демалып келсін. | Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. |

Scanned by TapScanner

**ЦИКЛОГРАММА**

***Ушінші апта (15-19қараша 2021 ж.)***

**ЖСШ «Аслан –Али» «Еркемай» балабақшасы «Көбелек» ересек тобы.**

**Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»**

**Тақырыпша «Өзіңе және өзгелерге көмектес»**

